



2025 жылдың 01 қаңтарына


Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

2025 жылдың 1 қаңтарға елдің 21 екінші деңгейлі банктерінің несие портфель көлемі **35 835,1 млрд теңгені** (жиынтық активтердің 58%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несие (NPL) көлемі **1 094,1 млрд теңге**, немесе жалпы несие портфелінің **3,1%** құрады (2024 жылдың 1 желтқсанында – 34 997,8 млрд теңге немесе 59%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несие деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда** – 790,3 млрд теңге немесе 72% (01.12.2024 ж. – 808,3 млрд теңге) келеді.


Қаржылық емес заңды тұлғаларға – 303,4 млрд теңге немесе 28% (01.12.2024 ж. – 317,1 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **қаржылық заңды тұлғаларға, банкаралық қарыздар және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда** – 0,3 млрд теңге (01.12.2024 ж. – 0,3 млрд теңге) келеді.

01.12.2024 ж.
NPL құрылымы



01.02.2025 ж.
NPL құрылымы



■ Қаржылық емес заңды тұлғаларға несиелер

■ Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда несиелер

Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **«KASPI BANK» АҚ** келеді – 292 млрд теңге немесе несие портфелінің 4,8%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:


– **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** – 271 млрд теңге (несие портфелінің 2,3%);

– **«Еуразиялық банк» АҚ** – 108 млрд теңге (несие портфелінің 6,7%);

– **«First Heartland Jusan Bank» АҚ** – 84 млрд теңге (несие портфелінің 6,2%);

— **«Bereke Bank» АҚ** – 83 млрд теңге (несие портфелінің 6,1%).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несие портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келеді **«Банк ВТБ» ЕБ АҚ – 10,9%.**

Әрі қарай несие портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: **«Нұрбанк» АҚ (8,3%); «Еуразиялық банк» АҚ (6,7%); «Home Credit Bank» АҚ (6,3%) және «First Heartland Jusan Bank» АҚ (6,2%).**

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады